

М.К. Шнарбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: shnarbekova.meruert@gmail.com

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Кәсіби ұстанымдар жеке қалаулар мен әлеуметтік ортаның ықпалында қалыптасатын кәсіби таңдаудың негізі. Кәсіби ұстанымдардың қалыптасуына мақсатты түрде кәсіби бағдарлау жұмысы ықпал етеді. Кәсіби бағдарлау жоғары сынып оқушысының кәсіби ұстанымдарын еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіруге және ұлттық экономика талаптарына сай еңбек ресурсының рационалды бөлінуіне бағытталады. Мектепте жүргізілетін кәсіби бағдарлау жұмысына, ақпараттану деңгейінің артуына, мемлекеттік оқу гранттарының көбеюіне қарамастан болашақ мамандықты таңдауда оқушылар бірқатар қиындықтармен кездеседі. Бұл олардың мамандық бойынша жұмыс істемеуіне, қайта оқуына және еңбек нарығында бәсекелестікке қабілеттілігінің төмендеуіне әсер етеді. Мақалада 2022 жылы жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілген зерттеу нәтижелері ұсынылған. Зерттеудің мақсаты қазақстандық мектептерде оқитын жоғары сынып оқушысының кәсіби ұстанымының қалыптасу ерекшелігін анықтау және кәсіби бағдарлаудың ықпалын талдау. Зерттеу нәтижелері жоғары сынып оқушыларының басым көпшілігі бастапқы кәсіби бағдарын өзгерткенін көрсетеді. Өзгерістердің болуына әсер еткен маңызды факторлардың алғашқы үштігін еңбек нарығындағы өзгеріс, «маңызды өзгелердің» кеңестері, жұмысқа тұру мүмкіндігінің ерекшелігі құрайды. Зерттеу кәсіби бағдарлау жұмысының жүргізілуі мектеп типі бойынша ерекшелігін айқындады. Мақалада берілген зерттеу нәтижелері мектепте кәсіби ұстанымдардың қалыптасу ерекшелігін түсінуге және оған әсер ететін факторлар маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жоғары сынып оқушылары, кәсіби ұстанымдар, кәсіби бағдарлау, кәсіби таңдау, тартымды мамандықтар, мамандықты таңдау.

M.K. Shnarbekova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: shnarbekova.meruert@gmail.com

Professional attitudes of high school students and importance of career counseling

Professional attitudes are formed in the process of interaction of personal preferences and the influence of the social environment and are the basis of the professional choice of a school graduate. Professional attitudes are influenced by many factors, including goal-directed career counseling. Career counseling is aimed at forming professional preferences among high school students that meet the needs of the labor market. Despite the career guidance provided in schools, increased informational efforts, and the allocation of educational grants, high school students still encounter difficulties when it comes to choosing their future profession. As a result, there is a noticeable trend of employment in fields unrelated to their specialization, pursuing second higher education, and a decrease in competitiveness in the job market. The article presents the results of the study conducted among high school students in 2022. The purpose of the research is to study the process professional attitudes formation of high school students in Kazakhstani schools and evaluate the influence of school and out-of-school career counseling. The results of the study show that the majority of high school students have changed their initial professional attitudes. The main factors that have influenced these changes are the transformation of the labor market, the advice of «significant others», and employment opportunities. The study shows different frequency in providing career counseling depending on the type of school. Results of the study contribute to understanding the process of professional attitudes formation and assessing the significance of various factors.

Key words: high school students, professional attitudes, career counseling, professional choice, attractive professions, choice of specialty.

М.К. Шнарбекова

Казахский национальный университет аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: shnarbekova.meruert@gmail.com

Профессиональные установки старшекласников и значимость профориентационной работы

Профессиональные установки формируются в процессе взаимодействия личных предпочтений и влияния социального окружения и являются основой профессионального выбора выпускника школы. Профессиональные установки формируются под влиянием многих факторов, в том числе целенаправлено профориентационной работе. Профориентационная работа направлена на формирование профессиональных предпочтений у старшекласников согласно запросам рынка труда. Несмотря на проводимую в школе профессиональную ориентацию, усиление информационной работы и увеличения государственных грантов на обучение старшекласники встречаются трудностями при выборе будущей профессии. В результате прослеживается динамика трудоустройства не по специальности, получения второго высшего образования и снижение конкурентоспособности на рынке труда. В статье представлены результаты исследования, проведенного среди старшекласников в 2022 году. Целью исследования является изучение процесса формирования профессиональных установок старшекласников казахстанских школ и влияния профориентационных работ на их формирование. Результаты исследования демонстрируют, что большинство старшекласников изменили свои первоначальные профессиональные установки. Основными факторами, которые повлияли на эти изменения являются трансформация рынка труда, советы «значимых других», и возможность трудоустройства. Исследование свидетельствует, что проведение профориентационной работы варьируется в зависимости от типа школы. Результаты исследования способствуют пониманию процесса формирования профессиональных установок и оценке значимости различных факторов.

Ключевые слова: старшекласники, профессиональные установки, профориентационная работа, профессиональный выбор, привлекательные профессии, выбор специальности.

Кіріспе

Мамандықты таңдау жастар өмірінде маңызды кезең, себебі бұл үдеріс бір жағынан әлеуметтік мобильділікпен, екінші жағынан, әлеуметтік-экономикалық теңсіздікпен байланысты. Мамандықты таңдау жас ұлғайған сайын қиындай түседі. Мәселен, кіші жастағы балалар өздерінің қалаулы мамандығы туралы ойларын тез және жеңіл айтады. Ал балалардың жасы ұлғайған сайын олар өздерінің кәсіби таңдауын тек жеке қалаулары негізінде емес, қоршаған әлеуметтік ортаның мүмкіндіктері мен ықпалы негізінде қалыптастырады. Жалпы алғанда, кәсіби ұстанымдар мен одан кейінгі кәсіби таңдау жеке адам мен қоршаған әлеуметтік ортаның өзара динамикалық байланысы аясында қалыптасады. Мамандықты таңдауда жастар болашақта немен айналысқысы келетінін және таңдаудың түрлі нұсқаларын қарастырады. Дұрыс кәсіби таңдау индивидуалдылықты дамытады және болашақта әл-ауқат пен жұмыспен қанағаттану дәрежесіне ықпал етеді.

Кәсіби бағдарлау бойынша мемлекеттік саясат жоғары сынып оқушыларының кәсіби айқындалуына қажетті құқықтық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени шарттарды қалыптастыруға бағытталған. Кәсіби бағдарлау жастардың жұ-

мысбастылығы мен бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ету кепілі ретінде қазақстандық білім беру жүйесінің модернизациялануы мен аймақтық деңгейде теңсіздікті төмендетуі қажет. Кәсіби бағдарлау мектеп түлектерінің мамандықты рационалды таңдауға дағдыландырады.

Еңбек нарығының трансформациялануы шарттарында кәсіби құзыреттілігі жоғары, бәсекелестікке қабілетті, икемді кәсіби мамандарды даярлау қажеттілігі артуда. Кәсіби бағдарлау еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес жоғары сынып оқушылары арасында кәсіби ұстанымдарды қалыптастырудың негізі. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдарын зерттеу оларға әсер ететін негізгі факторлар мен маңызды өзгелердің рөлін түсінуге және кәсіби таңдауды болжауға ықпалдасады. Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу мектеп түлектерінің кәсіби ұстанымдарын талдауға, екіншілік деректермен салыстыру арқылы өзгеру динамикасын білуге, қазақстанның еңбек нарығына қарай жастардың кәсіби ұстанымдарын бағыттауға мүмкіндік береді.

Мектепте жүргізілетін кәсіби бағдарлау жұмысына, ақпараттану деңгейінің артуына, мемлекеттік оқу гранттарының көбейуіне қарамастан болашақ мамандықты таңдауда жоғары сынып оқушылары бірқатар қиындықтармен кездесе-

ді. Бұл олардың мамандық бойынша жұмыс істемеуіне, қайта оқуына және еңбек нарығында бәсекелестікке қабілеттілігінің төмендеуіне әсер етеді. Осы орайда, аталмыш зерттеу жоғары сынып оқушылары арасында кәсіби ұстанымдардың қалыптасуы кезінде әлеуметтік мәселелерді тереңірек түсінуге және олардың шешімін табуға ықпалдасады.

Индивидуалдық және қоғамдық деңгейде оңтайлы кәсіби таңдау жасауда кәсіби бағдарлау жұмысының рөлі ерекше. Индивидуалдық деңгейдегі оңтайлы шешім мектеп түлегіне өз потенциалын толық деңгейде жүзеге асыруға және өзіне тартымды жұмыспен айналысуға мүмкіндік берсе, қоғамдық деңгейдегі оңтайлы кәсіби шешім ұлттық экономика мен еңбек нарығына қажетті мамандарды дайындау ретінде айқындалады. Тиімді кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыруда мемлекеттік органдар, оқу орындары мен жұмыс берушілер арасында үйлесімді қарым-қатынас қалыптастырудың маңыздылығы жоғары. Кәсіби бағдарлау жұмысы жоғары сынып оқушылары мен олардың ата-аналарын оқу орындары, оқу бағдарламалары мен мамандықтар картасы туралы сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуді қамтиды, бірақ онымен шектелмейді. Кәсіби бағдарлау еңбек нарығының сұранысына білім беру нарығының ұсынысын сәйкестендіруге бағытталады. Басқаша айтқанда, кәсіби бағдарлау жүйесі еңбек ресурстарының рационалды бөлінуіне, жастардың кәсіби жолын таңдауға, мамандыққа бейімделуіне ықпалдасуы қажет.

Кәсіби бағдарлау білім беру жүйесімен тығыз баланысты себебі негізінен білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады. Кәсіби бағдарлау жұмысымен жастардың білім алу мотивациясы тығыз байланысты. Әлемдік деңгейдегі ортақ тенденция – жаппай жоғары білім алу, бұл жастардың мектепті бітіргеннен кейін жаппай жоғары білім алуға ұмтылуы. Осы тенденциямен қатар соңғы жылдары жастар арасында жұмыссыздықтың артуы, еңбек нарығында дипломы бар мамандарға сұраныстың төмендеуі, жастардың өз мамандығы бойынша жұмыс істемеуі жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдарын саралау қажеттілігін арттырады.

Кәсіби ұстанымдар мен кәсіби таңдау бойынша көптеген теориялық модельдер қалыптасқан, солардың бірі мансаптың дамуы бойынша әлеуметтік-когнитивті теория. Әлеуметтік-когнитивті теорияға сәйкес кәсіби таңдауға үш әлеуметтік үдеріс әсер етеді: өз мүмкіндіктеріңді бағалау, нәтижелерді күту, кәсіби ұстанымдар. Бұл үдерістер этникалық бірегейлікпен, мәдениетпен,

жыныспен, әлеуметтік-экономикалық мәртебемен, әлеуметтік қолдаумен және барлық кедергілермен байланысты. Осы факторлар адамның білім беру және кәсіби траекториясын қалыптасуын анықтайды (Blanco, 2011). Осылайша адамның кәсіби таңдауы барысында жеке ұстанымдар мен оларға әсер ететін сыртқы факторлардың күрделі өзара байланысы орын алады. Carpenter мен Foster (1977) бойынша жастардың кәсіби ұстанымдары мен кейінгі кәсіби таңдауына ерте жастағы тәжірибе мен әсердің ықпалы елеулі. Олар мамандықты таңдаудың үшөлшемді құрылымын ұсынады. Аталмыш құрылымға сәйкес, кәсіби ұстанымдарға және кейінгі таңдауға әсер ететін барлық факторлар ішкі, сыртқы және тұлғааралық аспектілерді қамтиды. Ішкі өлшемге мамандық пен оның қоғамдағы рөлімен байланысты қызығушылықтар; сыртқы өлшемге әлеуметтік мойындалу мен қауіпсіздікке ұмтылу; тұлғааралық өлшемге өзгелердің, яғни отбасының, достар мен мұғалімдердің ықпалы жатады (Carpenter and Foster, 1977).

Кейінгі жүргізілген зерттеулер ішкі факторлар мотивациясы жоғары болғанда жастар мамандықты таңдауда мамандық пен оқуға қатысты жеке қызығушылықтарын ескеретінін көрсетті (Kunnen, 2013). Ішкі факторлар адамның өзі жеке қабылдаған шешімімен байланысты, ал кейінгі іс-әрекеттер жеке қызығушылықпен, таныммен, ынтамен айқындалып, тұлғалық ерекшеліктерді, жұмыспен қанағаттануды, мансап бойынша жоғарылауды және үйрену тәжірибесін қамтиды (Nyamwange, 2016). Сыртқы факторлар әр мамандық ерекшелігі мен артықшылығымен байланысты (Shoffner et al., 2015). Мәселен, мұндай факторларға тартымды кәсіп, жұмыс орындарының болуы мен жоғары төлем жатады. Осылайша, сыртқы факторлар мотивациясы жоғары жастар өз таңдауын жасауда қосымша кәсіби артықшылықтарға қол жеткізуге ұмтылады. Бұл артықшылықтарға жоғары жалақы, жұмысбастылық кепілдігі, жұмысқа қолжетімділік пен қанағаттану жатады. Тұлғааралық факторлар адамның өмірінде әлеуметтену агенттерінің ықпалын, соның ішінде отбасы, мұғалімдер/тәрбиелеушілер, достар/қатарластар мен әлеуметтік міндеттемелерді қамтиды (Wu et al., 2015). Тұлғааралық факторлардың ықпалында жастар отбасы мүшелерінің және «маңызды өзгелердің» пікірін жоғары бағалайды, сондықтан таңдау кезінде олармен кеңесіп, жеке мүдделерін ескермеуге дайын болады (Guan et al., 2015).

Бірқатар зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, кәсіби таңдау мәдени құндылықтар бойын-

ша да ерекшеленеді (Wambu et al., 2017; Hui and Lent, 2018; Tao et al., 2018). Hofstede бойынша, мәдениет – бір топты басқадан ерекшелендіретін ой-сананы ұжымдық бағдарлау (Hofstede, 2011). Ол қырық елде салыстырмалы зерттеу жүргізу негізінде мәдениеттің төрт өлшемін айқындады. Бірінші өлшем – «индивидуалистік-ұжымдық». Индивидуалистік мәдениетте адам «тәуелсіз тіршілік иесі» ретінде айқындалса, ұжымдық мәдениеттерде адам «өзара байланысты тіршілік иесі» ретінде қарастырылады. Индивидуалистік елдерде шешім қабылдау мен таңдау жасау адамдардың жеке қалауы мен қызығушылығына негізделсе, ұжымдық мәдениеттерде шешім отбасы, достар, қатарластар секілді «маңызды өзгелермен» бірге қабылданады және негізгі мақсат топ мүддесін арттыру. Екінші өлшем – билік алшақтығы. Бұрынғы мәдениетте қазіргі кезбен салыстырғанда қоғамдағы күш теңсіздігі қалыпты жағдай болған. Үшінші өлшем – белгісіздікті қаламау, бұл қоғамның белгісіздік пен екі мағыналыққа төзімділік деңгейін сипаттайды. Соңғысы – ер азаматқа және әйелге сәйкестілікті өлшеу басым құндылықтар мен приоритеттермен анықталады. Ерлер мәдениетінде әл-ауқатқа қол жеткізу мен арттыру жоғары бағаланса, әйелдер мәдениетінде жақсы тұлғааралық қатынастарды сақтау маңызды болып анықталады.

Hofstede өзінің «Мәдени өлшемді бағалау» жұмысында елдерді «билік алшақтығы, индивидуализм, ер азаматтық басымдығы, белгісіздікті болдырмау/қаламау, ұзақ уақытқа бағдарлану және мейірімділік» критерийлері бойынша бағалау негізінде ұжымдық немесе индивидуалистік мәдениет басымдығын зерттеген (Hofstede, 2011). Қоғамдық құндылықтарды қолдайтын елдерде жоғары аталған алты критерий төмен болса, индивидуалистік елдерде олар керісінше жоғары болады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, батыс елдері, соның ішінде Австралия, Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары индивидуализмді қолдайды және тәуелсіздікке, өз-өзіне сенімділікке, еркіндік пен жеке автономдылыққа бағдарланған. Азиялық және африкандық елдерде ұжымдық мәдениет басым, адамдар өздерін әлеуметтік өзара тәуелділік пен қоғамдық игіліктермен сәйкестендіреді (Sinha, 2014). Зерттеулер мәдениеттің индивидуалистік және ұжымдық өлшемдері жастар арасындағы кәсіби таңдау ерекшеліктерін түсіндіретін көрсетеді (Amit and Gati, 2013). Индивидуалистік қоғамдарда қабылданған жалпы практика бойынша жастар кәсіби таңдау жасауда өздеріне бағытталса, ұжымдық

қоғамда жастар отбасылық және қоғамдық стандарттарға сәйкес болуы қажет, және олардың белгілі бір кәсіби траекторияны жалғастыруы күтіледі (Oettingen and Zosuls, 2006). Алайда, соңғы 20 жылда индивидуалистік және ұжымдық мәдениет арасында өзара байланыс көші-қон негізінде артты.

Бейімделу теориясы бойынша қабілеттілік пен қызығушылықтың өзара байланысы адамның жұмыспен қанағаттануын анықтайды (Benbow, 2012). Адамның жеке қабілеттіліктері мен жұмысқа қажетті қабілеттіліктерді сәйкестендіруде қоршаған ортаның, соның ішінде мектептің рөлі елеулі, яғни қабілетті жастардың дарындылығын мектеп қабырғасында арттыру маңызды. Академиялық және кәсіби даму үшін тек қабілеттіліктер жеткіліксіз, жоғары академиялық шарттар қажет (Bernstein et al., 2019).

Кәсіби таңдауды зерттеуде қолданылатын келесі бағыт – ресурстық. Аталмыш бағытта өзара байланысты 3 құрамдас бөліктер айқындалады:

- ресурс (кәсіби даму мүмкіндіктерін айқындайтын адамның ерекшеліктері мен қасиеттері);
- резерв (кәсіби іс-әрекетке дайындық, бастауыш, орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім);
- ресурс пен резервтерді жүзеге асыру (кәсіби іс-әрекет).

Бұл үдеріс Э. Гидденстің құрылымдау теориясында айқын көрінеді. Аталмыш теорияға сәйкес, ресурстар өздері жеке қызмет етпейді, тек басқа адамдармен өзара байланыс пен қарым-қатынас негізінде жүзеге асырылады (Вишневский және т.б., 2012).

Кәсіби ұстанымдар мен кәсіби таңдауды зерттеуде әлеуметтануда екі ұғым ажыратылады – мамандықты таңдау және кәсіби іріктеу. Мамандықты таңдау адамның өзіне тартымды мамандықты таңдау арқылы қоғамның кәсіби құрылымында өз орның саналы немесе бейсаналы түрде анықтауы. Психологиялық немесе педагогикалық бағыттарға қарағанда әлеуметтануда кәсіби таңдау индивидуалдық-тұлғалық үдеріс ретінде интерпретацияланумен шектелмейді. Таңдауға жеке тұлғалық қасиеттер мен қалаулардан өзге әлеуметтік жағдай, әлеуметтік агенттер мен БАҚ әсер етеді. Бұл факторлардың барлығы субъективті деңгейде бағаланады. Кәсіби іріктеу – өкілетті ұйым маманының барлық үміткерлер арасынан белгілі біреуін жұмыс орнының талаптарына сәйкес мақсатты түрде таңдауы. Бұл үдеріс адамға тәуелді емес, яғни үміткерлері іріктеу үдерісі көптеген ережелер мен тәртіппен бекітілген ресми іс-шара (Кравченко, 2017).

Кәсіби ұстанымдарды зерттеуде оқушылар белгілі бір жоғары оқу орнын таңдау шешіміне қалай келгенін түсіну маңызды. Жоғары сынып оқушылары арасында зерттеу жүргізу негізінде Уилсон мен Адельсон (2012), қабілетті оқушылардың оқу орнын таңдау мотивтерін түсінуге талпыныс жасады. Зерттеу нәтижелері бойынша, академиялық қабілетті оқушылар әр түрлі оқу орындарына өтініш бергенмен, келесі факторларға ерекше назар аударған: стипендияға қолжетімділік, оқу орнының танымалдылығы, арнайы академиялық бағдарламалардың болуы. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасылардан шыққан академиялық қабілеттілігі жоғары оқушылардың элиталық оқу орындарына өтініш беру ықтималдығы аналогиялық академиялық қабілеттілігі бар қатарластына қарағанда төмен (Giancola & Kahlenberg, 2016). Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасылардан шыққан академиялық қабілеттілігі жоғары оқушылар өз қабілеттілігіне «сәйкес келмейтін» оқу орындарын таңдайды. Басқаша айтқанда, бұл оқушылардың академиялық қабілеттілігі таңдаған оқу орындарында білім алатын студенттерден жоғары (Glynn, 2019).

Оқушылар таңдау кезінде өздеріне таныс жоғары оқу орындары мен бағдарламаларды қарастырады. Бұл жағдай «таңдау мәселесі» деп те атады (Huntington-Klein, 2018: 1202). Таңдаудың әр түрлі нұсқаларын жасауда мектеп түлектері өздеріне қолжетімді ақпаратқа негізделеді. Таңдау нұсқалары оқшау қалыптаспайды және жоғары сынып оқушылары шешімді қабылдау үрдісін толық бақылауда ұстай алмайды (Huntington-Klein, 2018). Оқушылар мен олардың ата-аналарының приоритеттері, отбасының экономикалық капиталы мен оқушының жетістіктері сәйкес келмеуі мүмкін және бұл таңдаудың қалыптасуына елеулі ықпал етеді (Lansing, 2017). Ақпаратқа қолжетімділік, ақпараттың нақтылығы мен сенімділігі жоғары сынып оқушылардың таңдау нұсқаларына тікелей әсер етеді (Meuer & Cranmore, 2020).

Грант пен Шварц (2011) пайымдауынша, адамның әл-ауқаты үшін «еркіндік, автономия мен таңдаудың» болуы қажет, бірақ кейде тым көп таңдаудың болуының да кері әсері бар. Мәселен, барлық нұсқаларды білмеу жастардың таңдауын шектейтін болса, тым көп таңдаудың болуы өкіну мен мүмкіндікті жіберіп алу сезімінің қалыптасуына әкеледі. Сонымен қатар, таңдау нұсқалары көбейген жағдайда дұрыс таңдау жасау үшін барынша көп ақпарат жинау қысымы да артады. Индивидуалдық жағдайлар әр түрлі болғанмен оптималды таңдау екі мен төрт ара-

лығында (Grant & Schwartz, 2011: 68). Алайда, таңдау контекстінде мектеп түлегі өтініш жіберген оқу орындарын емес, оны қабылдаған оқу орындары арасынан таңдау жасайтынын ескеру қажет.

Тұтынушыларды зерттеу барысында таңдау жасауда адамның екі типі айқындалды: ең ұтымды нұсқаларға ұмтылатын максимизаторлар және оңтайлы нұсқаны жеткілікті деп санайтын қанағаттанушылар. Көптеген эмпирикалық зерттеулер көрсеткендей, таңдауға қанағаттанушылар өте үлкен ақпаратты қажет етпейді және таңдау жасағаннан кейін оларда өкіну ықтималдығы төмен. Жоғары оқу орнын таңдау мен оқуға түсу қарапайым тұтынушылықтан өзгеше болғанмен, ол да уақыт пен қаржыны талап етеді. Таңдауды жасауды оңтайландыру үшін сапалы нұсқаларды жасау қабілеттілігін дамыту маңызды, яғни жеке қалауларды түсіну, қолжетімді нұсқаларды жіктеу мен жеңілдету және шешім қабылдау үшін жеткілікті уақыт қалдыру (Grant & Schwartz, 2011).

Көптеген жоғары сынып оқушылары беделді университетке қабылданса да, әр түрлі факторлар (оқу ақысы, ақпаратқа қолжетімділік) сол университеттерде оқуын бастауға шектеу келтіруі мүмкін (Eagan et al., 2013).

Мектепте жастардың кәсіби ұстанымдарының қалыптасуы мен кейінгі кәсіби таңдауына кәсіби бағдарлау ықпал етеді. Сондықтан кейінгі жылдары кәсіби бағдарлауды тиімді ұйымдастыру мәселесіне ерекше назар аударылуда. Халықаралық ұйымдар алдыңғы қатарлы кәсіби бағдарлау тәжірибесін зерделеу үшін бірқатар зерттеулер жүргізуде. Мәселен, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (ЭЫДҰ), Дүниежүзілік банк, Білім берудің еуропалық Фонды мен ЮНЕСКО кәсіби бағдарлау саласы бойынша ауқымды сараптамалық есептер әзірлеген. Дамыған елдерде кәсіби бағдарлау жұмысына мектепте ерекше назар аударады. Кәсіби бағдарлауда қолданылатын негізгі модель – жүйелік модель. Аталмыш модель бойынша кәсіби бағдарлау мен жұмысбастылық білім берудің ажырамас бөлігі және дұрыс таңдау жасауға жастарды бағыттау қажет. Бұл елдерде кәсіби бағдарлау келесідей қызметтерді қамтиды: ақпараттандыру, кеңес беру, кәсіби іріктеу мен тестілеу, жоғары оқу орындары мен колледжді таңдау мен оларға түсуге көмектесу және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу (Сыздыкова, 2018).

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдарының қалыптасуы мен кейінгі кәсіби таңдауы олардың тұратын аймағында сұранысқа

ие мамандар туралы, мамандықтар мен олардың ерекшеліктері туралы ақпаратқа негізделуі қажет. Осындай ақпарат жеткіліксіздігі орын алған кезде кәсіби таңдау импульсивті және ойластырылмаған болуы мүмкін (Филоненко және т.б., 2020).

Зерттеу әдіснамасы

Мақалада 2022 жылы қыркүйек пен желтоқсан аралығында жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілген зерттеу нәтижелері берілген. Зерттеу барысында сауалнама әдісі қолданылды. Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің АР14870735 «Қалалық және ауылдық мектептің жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдарының трансформациялануы: салыстырмалы әлеуметтанулық талдау» жобасы аясында өткізілді. Зерттеу мақсаты – қалалық және ауылдық мектептің жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдарын болашақтағы жұмысбастылық стратегиясы ретінде зерделеу. Іріктеу жиынтығы 558 респондентті құрайды. Сұрау Ақмола, Алматы және Түркістан облыстары мен республикалық маңызды қалаларда (Астана, Алматы, Шымкент) жүргізілді. Іріктеу жиынтығының құрылымы келесідей: жыныс бойынша: ерлер – 272, әйелдер – 286; жалпы білім беретін мектептер – 472, арнайы мектептер – 82; қазақ сыныптары – 265 оқушы, орыс сыныптары – 293 оқушы. Алынған мәліметтер SPSS бағдарламасы 21 версиясы негізінде талданды. Сауалнама бірнеше бөлімдерден тұрады. Бірінші бөлімде отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша сұрақтар, екінші бөлімде мектепте ұйымдастырылатын кәсіби бағдарлау жұмысы туралы сұрақтар, үшінші бөлімде оқушының кәсіби ұстанымдарын түсінуге арналған сұрақтар.

Нәтижелер мен талқылама

Мектепте кәсіби бағдарлау жұмысының жүргізілуі. Кәсіби таңдау күрделі мотивациялық үрдіс. Мотивтер адамның қоршаған ортамен өзара байланысы негізінде қалыптасады, сәйкесінше белгілі бір мамандықты таңдау мотивациясын қалыптастыру мектепте жүргізілетін кәсіби бағдарлау жұмысының мақсаты. Кәсіби мотивацияның ажырамас элементтері: кәсіби мотивтер, еңбек мотивтері, өмірлік көзқарас, идеалдар, адамның ұстанымдары, бейімділіктер, қалаулар, қызығушылықтар, қажеттіліктер мен құндылықтар. Кәсіби бағдарлау жұмысының

маңыздылығын ескере отырып, сауалнама барысында оқушыларға олардың мектептерінде соңғы екі жылда қанша кәсіби бағдарлаудың өткізілгені туралы сұрақ қойылды. Алынған жауаптар сұрауға қатысқан жоғары сынып оқушыларының 59,1%-ында кәсіби бағдарлаудың үш немесе одан көп рет жүргізілгенін көрсетеді, қалған 34,2%-да 1-2 рет болса, 6,3%-да мүлде жүргізілмеген (1-кесте).

1-кесте – «Соңғы екі жылда мектепте кәсіби бағдарлау жүргізілді ме?» – деген сұраққа респонденттер жауаптарының бөлінісі, N=558

№	Жауап нұсқалары	Жиілік	Пайызбен (%)
1	3 және одан көп	330	59,1
2	1-2 рет	191	34,2
3	Мүлде болмады	35	6,3
4	Жауап бермегендер	2	,4
5	Барлығы	558	100,0

Кәсіби бағдарлау жұмысының жүргізілу жиілігін мектеп типі бойынша талдау келесідей ерекшеліктерді көрсетті. Жалпы жиілік жағынан статистикалық маңызды айырмашылық болмағанымен, бірақ тереңдетілген мектептерде кәсіби бағдарлау жұмысының мүлде жүргізілмеуі тек 1,2% құраса, жалпы білім беретін мектептерде оның көрсеткіші 7,6%-ды құрайды. Кәсіби бағдарлау жұмысының мектепте жүргізілмеуі жоғары сынып оқушының оқу орындары мен оқу бағдарламалары туралы ақпараттануын азайтады, және оқушы мен оның ата-анасы ақпаратты толығымен өздері іздеуіне тура келеді.

2-кесте – «Мектеп типі бойынша соңғы екі жылда кәсіби бағдарлау жұмысының жүргізілуі, N=558

№	Жауап нұсқалары	Жалпы білім беретін мектеп	Тереңдетілген мектеп
1	3 және одан көп	59,1%	59,3%
2	1-2 рет	33,3%	39,5%
3	Мүлде болмады	7,6%	1,2%

Жүргізілген кәсіби бағдарлау жұмысының түрін білу үшін зерттеу барысында оның қалай жүргізілгені туралы сұрақ қойылды. Респонденттердің берген жауаптарын жүйелеу кәсіби

бағдарлау жұмысының кеңінен қолданылатын түріне психологиялық тестілеу, кәсіби ұстанымдарды айқындауға арналған тестілеу, мұғалімдермен кеңесу жататынын айқындады. Сұрауға қатысқан әрбір бесінше жоғары сынып оқушысының біреуі (20,3%) психологиялық тестілеуді жасаған, жоғары сынып оқушыларының 16,2%-ы кәсіби ұстанымдарды айқындауға арналған тестілеуді тапсырған, 13,1%-ы

мектепті бітіргеннен кейінгі жоспарлар мен оқу туралы мұғалімдерден кеңес алған. Мұғалімдермен бірге қазақстандық колледждерге бару, кәсіби саланың бір түрі туралы тақырыптық кездесулер өткізу, мектепке ЖОО өкілдерінің келуі сияқты кәсіби бағдарлау жұмыс түрлері сұрауға қатысқан жоғары сынып оқушылары арасында өткізілген ең жиілігі аз іс-шаралар.

3-кесте – Соңғы екі жылда мектепте жүргізілген кәсіби бағдарлау түрлері*

№	Профорентация түрі	Жиілік	Пайызбен (%)
1	Психологиялық тестілеу	254	20,3%
2	Кәсіби ұстанымдарды айқындауға арналған тестілеу	203	16,2%
3	Мұғалімдермен кеңесу	164	13,1%
4	Оқу бағдарламалары туралы университет презентацияларын, видеороликтерді, жаңалықтарды, фильмдерді көру.	157	12,5%
5	Жеке кеңес беру	131	10,5%
6	Әр түрлі сала мамандарымен кездесу	130	10,4%
7	Мұғалімдермен бірге кәсіби ұйымдарға бару	54	4,3%
8	Мұғалімдермен бірге қазақстандық университеттерге бару	54	4,3%
9	Мұғалімдермен бірге қазақстандық колледждерге бару	45	3,6%
10	Кәсіби саланың бір түрі туралы тақырыптық кездесулер	39	3,1%
11	Мектепке ЖОО өкілдерінің келуі	1	,1%

*Ескертпе. Респонденттерге бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігі берілгендіктен, жалпы жауап 100%-дан асады

Мектеп оқушыларының мектептен тыс өзге ұйымдардан жеке кәсіби бағдарлау кеңесін алу практикасын талдау барлық сұралғандардың 55,6%-ы мұндай қызмет түрін қолданғанын, ал 44,4%-ы мүлде қолданбағанын көрсетті. Жыныс бойынша салыстыру қыздардың жартысына жуығы мектепте ұсынылған кәсіби бағдарлау іс-шараларымен шектелгенін көрсетеді, ұлдар арасында бұл көрсеткіш кішкене төменірек және 39,3%-ды құрайды. Ерлер арасында

жеке кәсіби бағдарлау қызметін соңғы екі жылда үш реттен көп қолданғандардың көрсеткіші қыздарға қарағанда 9,3%-ға жоғары. Мектеп типі бойынша да жеке кәсіби бағдарлау қызметін қолдану бойынша айырмашылық көрінеді. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының 45,8%-ы мұндай қызмет түріне жүгінбесе, тереңдетілген мектеп оқушылары арасында бұл көрсеткіш төменірек және 37,2%-ды құрайды (4-кесте).

4-кесте – «Соңғы екі жылда мектептен тыс өзіңіз жеке басқа ұйымдардың кәсіби бағдарлау қызметін қолдандыңыз ба?» – сұрағына жыныс бойынша және мектеп типі бойынша жауаптар

№	Жауап нұсқалары	Жыныс бойынша		Мектеп типі		Іріктеу жиынтығы бойынша
		Ерлер	Әйелдер	Жалпы білім беретін	Тереңдетілген	
1	Иә, 3 және одан көп	32,7%	23,4%	26,5%	36,0%	28,0%
2	Иә, 1-2 рет	27,9%	27,3%	27,8%	26,7%	27,6%
3	Жоқ, өтпедім	39,3%	49,3%	45,8%	37,2%	44,4%

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдары мен бағдарлары. 11-ші сыныпта оқушылар мектепті бітіргеннен кейін қай мамандық бойынша оқитыны туралы жоспарлары қалыптасатын кезең. Сондықтан жас респонденттерге зерттеу барысында «Сіз кәсіби таңдауыңыз туралы шешім қабылдадыңыз ба?» – деген сауал қойылды. Кәсіби айқындалу бойынша статистикалық маңызды гендерлік айырмашылық анықталған жоқ. Жалпы, жоғары сынып оқушыларының басым бөлігі (90,1%-ы) кәсіби таңдауы бойынша шешім қабылдап қойған. Алайда, мектеп типі бойынша айырмашылық бар. Тереңдетілген мектептерде оқитын жоғары сынып оқушыларының 64,0% нақты қандай мамандық бойынша

оқитынын білсе, жалпы білім беретін мектеп оқушыларында оның көрсеткіші 58,9%-ды құрайды. Өлі шешім қабылдамаған жоғары сынып оқушыларының үлесі жалпы білім беретін мектептерде тереңдетілген мектептерге қарағанда жоғарылау, сәйкесінше 10,2% және 8,1% (5-кесте).

Кәсіби бағдарлаудың жүргізілмеуін тереңдетілген мектептерде оқитын жоғары сынып оқушыларының тек 1,2%-ы, ал жалпы білім беретін мектептерде 7,6%-ы атап көрсеткенін ескерек болсақ, бұл жалпы білім беретін мектептерде тереңдетілген мектептермен салыстырғанда кәсіби айқындалмаған оқушылардың үлесінің жоғары болуын түсіндіретін фактордың бірі деп пайымдауға болады.

5-кесте – «Сіз кәсіби таңдауыңыз туралы шешім қабылдадыңыз ба?» – деген сұраққа жоғары сынып оқушыларының жыныс және мектеп типі бойынша жауаптары, N=558

№	Жауап нұсқалары	Жыныс бойынша		Мектеп типі		Жалпы іріктеу жиынтығы бойынша
		Ерлер	Қыздар	Жалпы білім беретін	Тереңдетілген	
1	Иә	60,7%	58,7%	58,9%	64,0%	59,7%
2	Иә деуге болады	29,4%	31,5%	30,9%	27,9%	30,5%
3	Жоқ	9,9%	9,8%	10,2%	8,1%	9,9%

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарларын зерделеу көшбасшы үштікті жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдары мен ақпараттық технологиялар құрайтынын көрсетті. Мектепті бітіргеннен оқушылардың 30,5%-ы жаратылыстану ғылымдары бойынша, 26,7%-ы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бойынша және 21,32%-ы ақпараттық технологиялар бойынша оқуды жоспарлап отыр (6-кесте).

Кәсіби бағыттар бойынша келесідей гендерлік ерекшеліктер айқындалды. Шет тілдерін таңдауды жоспарлап отырған жоғары сынып оқушыларының үлесі қыздар арасында ерлерге қарағанда жоғарылау, ұлдар арасында аталмыш

кәсіби бағытқа артықшылық беріп отырғандар үлесі 12,1% болса, қыздар арасында олардың үлесі 21,7%. Шығармашылық саласы да қыздар үшін ұлдарға қарағанда тартымды: қыздардың 12,6%-ы, ұлдардың 7,7%-ы осы саланы таңдауды жоспарлап отыр. Қарама-қарсы тенденция экономика мен заң ғылымдары бойынша байқалады. Аталмыш кәсіби бағыттар бойынша мектептен кейін білім алуды жоспарлап отырған оқушылардың үлесі қыздарға қарағанда ұлдар арасында басым. Экономикалық ғылымдарға ұлдардың 12,1%-ы, қыздардың 7,0% басымдық берсе, заң ғылымдарына ұлдардың 10,3%-ы, ал қыздардың 8,7%-ы (6-кесте).

6-кесте – Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарлары жыныс бойынша, N=558

№	Кәсіби бағыттар	Жыныс бойынша		Іріктеу жиынтығы бойынша
		Ерлер	Әйелдер	
1	Жаратылыстану ғылымдары	29,0%	31,8%	30,5%
2	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар	26,5%	26,9%	26,7%
3	Ақпараттық технологиялар	20,6%	22,0%	21,32%
4	Шет тілдері	12,1%	21,7%	17,03%

№	Кәсіби бағыттар	Жыныс бойынша		Іріктеу жиынтығы бойынша
		Ерлер	Әйелдер	
5	Техникалық ғылымдар	19,5%	18,2%	18,8%
6	Шығармашылық	7,7%	12,6%	10,22%
7	Экономикалық ғылымдар	12,1%	7,0%	9,50%
8	Заң ғылымдары	10,3%	8,7%	9,50%

Динамикалық тұрғыда қарастыратын болсақ, бұрын жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша техникалық мамандықтар, ғылым, денсаулық сақтау және әскери іс бойынша гендерлік айырмашылық орын алған. Техникалық мамандықтар мен ғылыммен айналысу ынтасы қыздарға қарағанда ұлдар арасында басымдығы байқалды. Қыздар арасында медициналық сала бойынша білім алу ынтасы ұлдарға қарағанда бес есе көп кездесті. Сонымен қатар, күтілгендей әскери іспен айналысу ынтасы ұлдар арасында жоғары болды. Қалған кәсіби білім беру бағыттары бойынша статистикалық маңызды айырмашылықтар айқындалмады (Шнарбекова, 2018).

Кәсіби ұстанымдардың тұрақтылығы. Оқушының кәсіби ұстанымдары мен бағдарлары

динамикалық сипатта, яғни олар әрдайым түрлі факторлар әсерінен өзгеріп отырады. Осындай факторлардың бірі кәсіби бағдарлау қызметтері мен кеңестері. Арнайы ұйымдардың кәсіби кеңестерін қолдану жоғары сынып оқушысының кәсіби айқындалуына көмектеседі. Зерттеу барысында алынған мәліметке сүйенсек, жоғары сынып оқушыларының 84,5% бастапқы кәсіби бағдарларын әр түрлі деңгейде өзгерткен: 45,3% – елеулі өзгертсе, 39,2% – кішкене өзгерткен. Мүлде өзгертпегендердің үлесі 11,8%-ды құрайды. Сұралғандар арасында әлі де кәсіби ұстанымдары мен бағдарлары қалыптаспаған жоғары сынып оқушылары бар, олардың көрсеткіші – 3,2%-ды құрайды. Бұл категория соңғы мезетте шешім қабылдайтын топқа жатады (7-кесте).

7-кесте – Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарларының мектептен тыс өзге ұйымдардың кәсіби бағдарлау қызметтерін қолдану аясында өзгеруі, N=558

№	Соңғы 3 жылда Сіздің кәсіби бағдарларыңыз өзгерді ме?	Соңғы екі жылда мектептен тыс өзге ұйымдардың профориентациялық қызметтерін қолдану			Іріктеу жиынтығы бойынша
		3 және одан көп	1-2 рет	Қолданбағандар	
1	Иә, елеулі	30,8%	25,3%	43,9%	45,3%
2	Кішкене	23,1%	33,0%	43,9%	39,2%
3	Жоқ	36,4%	15,2%	48,5%	11,8%
4	Кәсіби бағдарларым болмады және жоқ	16,7%	38,9%	44,4%	3,2%

Соңғы үш жылда жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарларының өзгеруін мектептен тыс өзге ұйымдардың кәсіби бағдарлау қызметтерін қолдану аясында талдау корреляциялық байланысты көрсетеді. Кәсіби бағдарлау қызметін жиі қолданғандар арасында өз кәсіби жоспарларын өзгерткендер үлесі төмен. Ал, кәсіби бағдарлары үш жылда өзгерген

жоғары сынып оқушылары арасында профориентациялық қызмет пен кеңестерді қолданбағандар үлесі көбірек. Мәселен, соңғы екі жылда мектептен тыс өзге ұйымдардың кәсіби бағдарлау қызметін қолданғандардың 30,8%-ы кәсіби ұстанымын елеулі өзгерткен болса, қолданбағандардың 43,9%-ы елеулі өзгерткен (7-кесте).

8-кесте – Жоғары сынып оқушыларының соңғы үш жылда кәсіби ұстанымдары мен бағдарларының өзгеруіне әсер еткен факторлар, N=558

№	Кәсіби ұстанымдар мен бағдарлардың өзгеруіне әсер еткен факторлар	Жауаптар, %
1	Еңбек нарығындағы өзгерістер мен мамандықтардың сұранысқа ие болуы	37,99%
2	Ата-ананың, туысқандар мен достардың кеңестері	37,81%
3	Әр түрлі кәсіби сала бойынша жұмысқа тұру мүмкіндігінің ерекшеліктері	37,10%
4	Жеке қызығушылықтардың өзгеруі	34,59%
	Мемлекеттің білім беру саясаты (университеттерді қолдау, гранттардың бөлінуі)	31,54%
5	Интернеттегі, ақпараттық медидадағы мәліметтер	26,88%
6	Білім беру ұымдарының ресми сайттарынан өз бетімен алынған ақпарат	12,01%
7	Мектептегі кәсіби бағдарлау	6,81%
8	Университет пен колледждердің абитуриенттермен жұмысы	4,84%

*Ескертпе. Респонденттерге бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігі берілгендіктен, жалпы жауап 100%-дан асады

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдарының өзгеруіне әсер ететін көшбасшы факторлар үштігін құрайды: 1) еңбек нарығындағы өзгерістер мен мамандықтардың сұранысқа ие болуы – 37,99%; 2) ата-ананың, туысқандар мен достардың кеңесі – 37,81%; 3) әр түрлі кәсіби сала бойынша жұмысқа тұру мүмкіндігінің ерекшелігі – 37,10%. Кәсіби ұстанымдар мен бағдарлардың өзгеруіне әсер еткен факторлардың маңыздылығы төмен факторларға мектептегі кәсіби бағдарлау (6,81%) мен университет пен колледждердің абитуриенттермен жұмысы (4,84%) жатады. Алынған мәліметтер орта және жоғары білім беру оқу орындары жүргізген кәсіби бағдарлау жұмысының сұрауға қатысқан жоғары сынып оқушыларының кәсіби ұстанымдарының өзгеруіне статистикалық маңызды әсер етпейтінін көрсетеді (8-кесте).

Қорытынды

Кәсіби ұстанымдар мен бағдарлардың қалыптасуы көптеген факторлар ықпалында жүзеге асатын күрделі үрдіс. Осы факторлардың арасында мектеп оқушыларының кәсіби ұстанымдарының қалыптасуына мақсатты түрде әсер ететіні – кәсіби бағдарлау жұмысы. Кәсіби бағдарлау жұмысы жоғары сыныптарда қарқынды жүре бастайды және оның мақсаты нарыққа қажетті мамандықтарға оқушылардың қызығушылығын арттыру және оқушылардың оңтайлы кәсіби таңдау жасауына қажетті сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету. Сұрауға қатысқан жоғары сынып оқушыларының басым бөлігі әр түрлі жиілікте соңғы екі жылда кәсіби бағдарлау жұ-

мысының жүргізілгенін атап өтті. Алынған нәтижелер мектеп типі бойынша кәсіби бағдарлау жұмысының жүргізілмеуі тереңдетілген мектептерге қарағанда жалпы білім беретін мектептерде жиі орын алатынын дәйектейді.

Мектепте жүргізілген кәсіби бағдарлау жұмысының кең тараған түрлеріне психологиялық тестілеу, кәсіби ұстанымдарды айқындау бойынша тестілеу мен мұғаліммен кеңесу жатады. Алайда, жоғары немесе арнайы орта білім беру оқу орындарына бару, мамандық бойынша тақырыптық кездесулер өткізу секілді іс-шаралар ең аз өткізілген кәсіби бағдарлау түрі. Мектеп жоғары сынып оқушысының кәсіби айқындалуында шешуші рөл атқарады. Мәселен, сұралған жоғары сынып оқушыларының 44,4%-ы мамандандырылған ұйымдардан арнайы кәсіби кеңес алмаған. Мектеп типі бойынша жауаптарды салыстыру тереңдетілген мектептерде жеке кәсіби бағдарлау қызметін қолданғандар үлесі тереңдетілген мектептерге қарағанда көп. Бұл жағдай жалпы білім беретін мектеп оқушысының кәсіби айқындалуында мектеп рөлін еселей түседі.

Жоғары сынып оқушыларының басым көпшілігі (90,1%) мектепті бітіргеннен кейін қандай кәсіби траектория бойынша оқитыны туралы шешім қабылдаған, бірақ мүлде шешім қабылдамағандар да кездеседі. Оқушылардың бұл категориясы тереңдетілген мектептерге қарағанда жалпы білім беретін мектептерде көрсеткіші көп, сәйкесінше 8,1% және 10,2%.

Зерттеуге қатысқан жоғары сынып оқушылары арасында тартымды кәсіби салалардың алғашқы үштігін жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен ақпараттық техно-

логиялар құрайды. Тартымдылығы салыстырмалы төмен кәсіби салалар ретінде экономикалық және заң ғылымдары анықталды. Алайда, кәсіби ұстанымдар жыныс бойынша елеулі ерекшеленеді. Шет тілдері мен шығармашылық саласы ұлдарға қарағанда қыздардың кәсіби ұстанымдарында басымырақ болса, экономика мен заң ғылымдары қыздарға қарағанда ұлдар арасында басымырақ.

Кәсіби ұстанымдар тұрақты емес және таңдау жасағанға дейін өзгеруі мүмкін. Сұрауға қатысқан жоғары сынып оқушыларының басым көпшілігі (84,5%) өздерінің бастапқы кәсіби бағдарларын өзгерткен. Мұндай өзгерістердің болуына әсер еткен маңызды факторлардың

алғашқы үштігін еңбек нарығындағы өзгерістер мен мамандықтың сұранысқа ие болуы, ата-ананың, туысқандар мен достардың кеңестері, әр түрлі кәсіби сала бойынша жұмысқа тұру мүмкіндігінің ерекшеліктері құрайды. Әсер еткен факторлар арасында маңыздығы төменге келесі екі жағдай жатады: мектептегі кәсіби бағдарлау мен университет пен колледждердің абитуриенттермен жұмысы. Бұл оқу орындарының кәсіби бағдарлау жұмысын күшейту қажеттілігін көрсетеді. Кәсіби бағдарлау жұмысы мектеп оқушыларының кәсіби ұстанымдарын мақсатты түрде экономика қажеттіліктері мен нарық талаптарына сай бағдарлауға бағытталған негізгі құралдардың біріне айналуы маңызды.

Әдебиеттер

Benbow C.P. Identifying and nurturing future innovators in science, technology, engineering, and mathematics: A review of findings from the Study of Mathematically Precocious Youth // *Peabody Journal of Education*. – 2012. -№87(1). – P. 16-25. Doi.org/10.1080/0161956X.2012.642236

Bernstein B.O., Lubinski D., Benbow C. P. Psychological constellations assessed at age 13 predict distinct forms of eminence 35 years later // *Psychological Science*. – 2019. – №30(3). – P. 444-454. DOI.org/10.1177/0956797618822524

Blanco Á. Applying social cognitive career theory to predict interests and choice goals in statistics among Spanish psychology students // *J. Voc. Behavior*. – 2011. – №78. – P. 49–58. Doi: 10.1016/j.jvb.2010.07.003

Вишневский Ю.Р., Вишневский С.Ю. Профессиональный выбор студентов и ресурсный подход: от потенциала к реализации // Вестник Нижегородского университета им. Л.И. Лобачевского. Серия социальные науки.- 2012.- №1(25).- С.22-27.

Carpenter P., Foster B. The career decisions of student teachers // *Educ. Res. Pers.* – 1977. -№4.- P. 23–33.

Eagan M.K., Stolzenberg E.B., Zimmerman H.B., Aragon M.C., Whang S.H., Rios-Aguilar C. The American freshman: National norms fall 2016. Higher Education Research Institute. – Los Angeles: University of California, 2017. – P.125.

Филоненко В. И., Мосиенко О. С., Магранов А.С. Представления студенческой молодежи о профессиональном выборе по материалам межрегиональных социологических исследований 2006–2016 гг. // *Вопросы образования*. – 2020.- № 1.- С. 283-301. Doi: 10.17323/1814-9545-2020-1-283-301

Grant A.M., Schwartz B. Too much of a good thing: The challenge and opportunity of the inverted // *Perspectives on Psychological Science*.- 2011.- №6(1).- P. 61-76. Doi.org/10.1177/1745691610393523

Giancola J., Kahlenberg R.D. True merit: Ensuring our brightest students have access to our best colleges and universities. Jack Kent Cooke Foundation. – 2016. – P.50.

Glynn J. Persistence: The success of students who transfer from community colleges to selective four-year institutions. Jack Kent Cooke Foundation, 2019. – P. 32.

Guan Y., Chen S.X., Levin N., Bond M.H., Luo N., Xu J., et al. Differences in career decision-making profiles between american and chinese university students: the relative strength of mediating mechanisms across cultures // *Journal of Cross-Cultural Psychology*. – 2015. -№46. – P.856–872. Doi: 10.1177/0022022115585874

Hofstede G. Dimensionalizing cultures: The Hofstede model in context // *Online Read. Psychol. Cult.* – 2011. – №2(1). – P. 1-26. Doi: 10.9707/2307-0919.1014

Hui K., Lent R.W. The roles of family, culture, and social cognitive variables in the career interests and goals of Asian American college students // *Journal of Counseling Psychology*. – 2018. – №65. – P. 98–109. Doi: 10.1037/cou0000235

Huntington-Klein N. College choice as a collective decision // *Economic Inquiry*. – 2018. – №56(2).- P. 1202-1219. Doi.org/10.1111/ecin.12470

Кравченко А.И. Выбор профессии как социологический феномен: вопросы теории // *Вестник Моск. ун-та. Социология и политология*. – 2017. – №18(1). – С. 49-66.

Kunnen E.S. The effects of career choice guidance on identity development // *Education Research International*. – 2013. – [901718].- P. 1-9. Doi: 10.1155/2013/901718

Lansing J. A new model of college choice for distance learners // *Journal of Educational Technology*. – 2017. – №45(3). – P. 365-389. Doi.org/10.1177/0047239516673183

Meyer M. S., Cranmore J. College bound: Advice for academically talented students from recent graduates // *Journal of Advanced Academics*. – 2020. – №31(2). – P. 87-110. Doi.org/10.1177/1932202X19890613

Nyamwange J. Influence of students' Interest on Career Choice among First Year University Students in Public and Private Universities in Kisii County, Kenya // *Journal of Education and Practice*.- 2016. – №7(4). – P. 96-102.

Oettingen G., Zosuls C. Culture and self-efficacy in adolescents in Self-Efficacy Beliefs of Adolescents, eds F. Pajeres and T. Urda. Greenwich: Information Age Publishing, 2006. – P. 245–265.

Shoffner M.F., Newsome D., Barrio Minton C.A., Wachter Morris, C.A. A Qualitative Exploration of the STEM career-related outcome expectations of young adolescents // *Journal of Career Development*. – 2015. -№42. – P.102–116. Doi: 10.1177/0894845314544033

Sinha J.B. Collectivism and individualism in Psycho-Social Analysis of the Indian Mindset. – New Delhi: Springer, 2014. – P. 27–51.

Сыздыкова К. Развитие системы профориентационной работы в школах РК как фактор расширения доступа к высшему, техническому и профессиональному образованию. – Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2018. – 36 стр.

Шнарбекова М. К. Эффекты семейного капитала в стратегии выбора высшего образования казахстанской молодежи // *Интеграция образования*. – 2018. – Т. 22. – № 4. – С. 712–727. Doi: 10.15507/1991-9468.093.022.201804.712-727

Tao D., Zhang R., Lou E., Lalonde R.N. The cultural shaping of career aspirations: acculturation and Chinese biculturals' career identity styles // *Canadian Journal of Behavioural Science*. – 2018. – №50. – P. 29–41. Doi: 10.1037/cbs0000091

Wambu G., Hutchison B., Pietrantonio Z. Career decision-making and college and career access among recent African immigrant students // *Journal of College Access*. – 2017. – №3(2). – P. 62-77.

Wilson H.E., Adelson J.L. College choices of academically talented secondary students // *Journal of Advanced Academics*. – 2012. – №23(1). – P. 32-52. Doi.org/10.1177/1932202X11430269

Wu L.T., Low M.M., Tan K.K., Lopez V., Liaw S.Y. Why not nursing? A systematic review of factors influencing career choice among healthcare students // *International Nursing Review*. – 2015.- №62. – P. 547–562. Doi: 10.1111/inr.12220

References

Benbow C.P. (2012). Identifying and nurturing future innovators in science, technology, engineering, and mathematics: A review of findings from the Study of Mathematically Precocious Youth. *Peabody Journal of Education*, no 87(1), pp. 16-25. Doi.org/10.1080/0161956X.2012.642236

Bernstein B.O., Lubinski D., Benbow C. P. (2019). Psychological constellations assessed at age 13 predict distinct forms of eminence 35 years later. *Psychological Science*, no 30(3), pp. 444-454. Doi.org/10.1177/0956797618822524

Blanco Á. (2011). Applying social cognitive career theory to predict interests and choice goals in statistics among Spanish psychology students. *J. Voc. Behavior*, vol. 78, pp. 49–58. Doi: 10.1016/j.jvb.2010.07.003

Vishnevskij Yu.R., Vishnevskij S.Yu. (2012) Professionalnyj vybor studentov i resursnyj podhod: ot potenciala k realizacii [Professional choice of students and resource approach: from potential to implementation]. *Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. L.I. Lobachevskogo. Seriya socialnye nauki*, vol.1, no 25, pp. 22-27. (In Russian)

Carpenter, P., and Foster, B. (1977). The career decisions of student teachers. *Education Research and Perspectives*, vol. 4, pp. 23–33.

Eagan M. K., Stolzenberg E. B., Zimmerman H. B., Aragon M. C., Whang Sayson H., Rios-Aguilar C. (2017). *The American freshman: National norms fall 2016*. Higher Education Research Institute, University of California Los Angeles, 125 p.

Filonenko V.I., Mosienko O.S., Magranov A.S. (2020) Predstavleniya studencheskoj molodezhi o professionalnom vybore po materialam mezhhregionalnyh sociologicheskikh issledovanij 2006–2016 gg. [Perceptions of student youth on professional choice based on the materials of interregional sociological research in 2006–2016]. *Educational Studies Moscow*, no1, pp. 283-301. Doi: 10.17323/1814-9545-2020-1-283-301

Grant A.M., Schwartz B. (2011). Too much of a good thing: The challenge and opportunity of the inverted U. *Perspectives on Psychological Science*, no 6(1), pp. 61-76. Doi.org/10.1177/1745691610393523

Giancola J., Kahlenberg R. D. (2016). True merit: Ensuring our brightest students have access to our best colleges and universities. Jack Kent Cooke Foundation, 50 pp.

Glynn J. (2019). Persistence: The success of students who transfer from community colleges to selective four-year institutions. Jack Kent Cooke Foundation, 32 pp.

Guan Y., Chen S.X., Levin N., Bond M.H., Luo N., Xu J., et al. (2015). Differences in career decision-making profiles between American and Chinese university students: the relative strength of mediating mechanisms across cultures. *Journal of Cross-Cultural Psychology*, vol. 46, pp. 856–872. Doi: 10.1177/0022022115585874

Hofstede G. (2011) Dimensionalizing cultures: The Hofstede model in context. *Online Readings in Psychology and Culture*, no 2(8), pp. 1-26. Doi: 10.9707/2307-0919.1014

Hui K., Lent R.W. (2018) The roles of family, culture, and social cognitive variables in the career interests and goals of Asian American college students. *Journal of Counseling Psychology*, vol. 65, pp. 98–109. Doi: 10.1037/cou0000235

Huntington-Klein N. (2018). College choice as a collective decision. *Economic Inquiry*, no 56(2), pp. 1202-1219. Doi.org/10.1111/ecin.12470

Kravchenko A.I. (2017) Vybor professii kak sociologicheskij fenomen: voprosy teorii [The choice of profession as a sociological phenomenon: questions of theory]. *Bulletin of Moscow University. Series Sociology and Political Science*, no1, pp. 49-66. (In Russian)

Kunnen E. S. (2013). The effects of career choice guidance on identity development. *Education Research International*. [901718], pp. 1-9. Doi: 10.1155/2013/901718

Lansing J. (2017). A new model of college choice for distance learners. *Journal of Educational Technology*, no 45(3), pp. 365-389. Doi.org/10.1177/0047239516673183

- Meyer M.S., Cranmore J. (2020). College bound: Advice for academically talented students from recent graduates. *Journal of Advanced Academics*, no 31(2), pp. 87-110. Doi.org/10.1177/1932202X19890613
- Nyamwange J. (2016). Influence of students' Interest on Career Choice among First Year University Students in Public and Private Universities in Kisii County, Kenya. *Journal of Education and Practice*, 2016, vol. 7(4), pp. 96-10
- Oettingen G., Zosuls C. (2006) Culture and self-efficacy in adolescents in Self-Efficacy Beliefs of Adolescents, eds F. Pajeres and T. Urdan. Greenwich: Information Age Publishing, pp. 245–265.
- Shoffner M.F., Newsome D., Barrio Minton, C.A., Wachter Morris, C. A. (2015) A Qualitative Exploration of the STEM career-related outcome expectations of young adolescents. *Journal of Career Development*, vol. 42, pp. 102–116. Doi: 10.1177/0894845314544033
- Sinha J. B. (2014) Collectivism and individualism in Psycho-Social Analysis of the Indian Mindset. New Delhi: Springer, pp. 27–51.
- Syzdykova K. (2018) Razvitie sistemy proforientacionnoj raboty v shkolah RK kak faktor rasshireniya dostupa k vysshemu, tehničeskomu i professionalnomu obrazovaniju [Development of a system of career guidance in schools of the Republic of Kazakhstan as a factor in expanding access to higher, technical and vocational education]. Almaty: Fond Soros-Kazakhstan, pp. 36. (In Russian)
- Shnarbekova M.K. (2018) The Effects of Family Capital on Kazakh Youth Strategies in the Choice of Higher Education. *Integratsiya obrazovaniya = Integration of Education*, no 22(4), pp. 712-727. Doi: 10.15507/1991-9468.093.022.201804.712-727
- Tao D., Zhang R., Lou E., Lalonde, R.N. (2018). The cultural shaping of career aspirations: acculturation and Chinese biculturals' career identity styles. *Canadian Journal of Behavioural Science*, vol. 50, pp. 29–41. Doi: 10.1037/cbs0000091
- Wambu G., Hutchison B., Pietrantonio, Z. (2017) Career decision-making and college and career access among recent African immigrant students. *Journal of College Access*, vol. 3(2), pp. 62-77
- Wilson H. E., Adelson J. L. (2012). College choices of academically talented secondary students. *Journal of Advanced Academics*, vol. 23(1), pp. 32-52. Doi.org/10.1177/1932202X11430269
- Wu L.T., Low M.M., Tan K.K., Lopez V., Liaw, S.Y. (2015). Why not nursing? A systematic review of factors influencing career choice among healthcare students. *International Nursing Review*, vol. 62, pp. 547–562. Doi: 10.1111/inr.12220